

## Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу іс-шаралары бойынша атқарылған жұмыстар есебі

Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында 2020-2021 оқу жылына іс-шара жоспары құрылып, колледж директорымен бекітілді. Сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтың әрбір жол берілген фактісі бойынша жауапкершілікті арттыру мақсатында колледждің бірінші этажында (фойесінде) «Сыбайлас жемқорлық» тақырыбына арналған стенд ұйымдастырылған және де наразылық шағым мен ұсыныстарға арналған «Сенім жәшігі» қойылған. Әрбір айдың соңында колледж психологымен ашылып, хаттамалары толтырылады.

Қашықтықтан оқыту режимін сағдай отырып, қыркүйек-қаңтар айында құқық бұзушылық, тәртіпсіздіктің алдын-алу мақсатында Жамбыл ауданы ішкі істер басқармасының жасөспірімдер полициясы және полиция аға лейтенанты А.Рысбековпен «Студенттерге құқықбұзушылық пен қылмыс жасағаны үшін жауапкершілікке тартылу туралы ҚР Қылмыстық кодексінің баптарынан түсінік беру» және «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты онлайн zoom платформасы арқылы кездесу өтті.

Желтоқсан айында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша «Біз жемқорлыққа қарсымыз!» атты онлайн акция ұйымдастырылды. Акцияға колледж студенттері белсене қатысты. Осы тақырыпта видеолар түсірілді. Колледж кітапханашысы Ж.Жакенова мен топ жетекшілер бірлесе отырып тақырыптық онлайн көрмелер ұйымдастырылды. Қаңтар айында колледж психологымен бірлесе отырып «Колледжде бопсалау әрекеттерін байқадың ба?» тақырыбында онлайн сауалнама алынып, колледж студенттері арасында бұл іс-әрекеттің жоқтығы анықталды.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатындағы жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтауға және нығайтуға бағытталған аудиороликтер мен бейнероликтер сайттан жүктеліп, колледж студенттеріне zoom платформасы арқылы көрсетілді.

Жамбыл ауданы ішкі істер басқармасының жасөспірімдер полициясы және полиция аға лейтенанты А.Рысбековпен «Сыбайлас жемқорлық қылықтары мен зардаптары» тақырыбында онлайн zoom платформасы арқылы кездесу ұйымдастырылып, студенттер заң аясында кеңестер алды.

Орындаған : директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сеитова А.К